

**Рухани жаңғыру : Қазақ тіліндегі 100 оқулық**



Мемлекеттік саясаттың негіздеріне арналған бұл еңбек саясат қалыптастыру және заң дайындау процесіне ден қояды. Кітапта мәселені анықтауға, күн тәртібін белгілеу мен мемлекеттік саясатты қалыптастыруға түрлі факторлардың қалай әсер ететіні сараланады. Әр тарауда негізгі ұғымдар мен идеялар қарастырылып, олардың қалай қолданылатыны нақты мысалдар негізінде талданған. АҚШ-тың мемлекеттік саясатындағы процестерге басымдық берген бұл басылымда экономикалық дағдарыс жағдайында шешім қабылдау мәселесі, сондай-ақ, мемлекеттік саясатты қалыптастырудағы Обама әкімшілігі мен Буш әкімшілігінің ерекшеліктері салыстырылады.

Оқулық саясаттану мамандығын таңдаған студенттерге және мемлекеттік саясат туралы тереңірек білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған.


66.3(0)

А 57

Андерсон , Джеймс Э.

Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков.

- 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б.



66.0

X 34

Хейвуд, Эндрю

Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б.

Саяси ғылымға кіріспе бойынша үздік оқулық саналатын Эндрю Хейвудтың «Саясаттануы» «саясат» ұғымы мен құбылысы туралы түсінік және саясаттану жөніндегі қарама-қайшы көзқарастарға сипаттама береді. Автор саяси идеяларды негізгі идеологиялар тұрғысынан қарастыра отырып, мемлекеттік саясаттағы рөліне, мемлекеттік басқару жүйелеріне, ұлтшылдықтың негізгі теорияларына тоқталады. Саясаттағы өзара байланыс - саясат пен экономика, мәдениет пен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа; сондай – ақ мемлекеттік басқару механизмдері мен процестеріне, ішкі және халықаралық саясаттың түйісуі және жаһандық саясат мәселелеріне талдау жасалады.

Бүгінгі саясат пен саясаттануға кіріспе ретінде жан-жақты мағлұмат беретін оқулықтың осы бесінші басылымы саясаттану бөлімінде оқитын студенттерге, сондай-ақ осы пәнге қызығушылық танытушы оқырманға арналған.



Кітапта тарихи білімнің қалыптасу, қолданылу және өзгеру процестері сипатталады. Тарих пәнінің әдістері, тарихи зерттеуді тиімді жүргізу тәсілдері, тарихи тәжірибенің қазіргі жетістіктері мен әлі де зерделеуді қажет ететін тақырыптары талданады. Еңбек оқырманға тарих пәнінің негізгі мәселелері туралы түсінік беру, оларды ауқымды контексте қарастыру және тарихшылардың қандай жұмыс атқаратынын анықтау сияқты негізгі үш мақсатты көздейді. Сонымен бірге әлеуметтік ғылымдардағы тарихтың рөлі, қоғамдық тарих пен оның түрлері, тарихи білім саласын түбегейлі өзгертетін цифрлық технологиялар мен ресурстарды пайдалану кеңінен қарастырылады.

Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын оқырман қауымға арналған.

63.3(5Каз)

Д 37

Джорданова, Л.

Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б.



Кітапта архаикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі тарихи сананың қалыптасуы мен тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімнің кәсібилену процесі, оның ғылым пәні ретінде орнығуы кешенді түрде қарастырылып, тарихнама бойынша негізгі мектептер мен бағыттардың сипаттамасы беріледі. Әрі тарихты зерттеудің мәселелері, әдіснамасы, пәні мен міндеттерін түсінудегі өзгерістер жан-жақты зерделенеді. Бұған қоса еңбекте өткенді қабылдаудың түрлі формалары, тәсілдері мен деңгейлері, әртүрлі дәуірлердегі тарихи ой өкілдерінің концепциялары, орыс және шетел тарихшыларының әйгілі туындылары талданады.

Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

63.3(5Каз)

Р 41

Репина, Л. П.

Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б.



«Ұлттың этностық тамыры» - халықтар мен этностар тақырыбында жазылған халықаралық деңгейдегі зерттеулердің іргетасына айналған ғылыми еңбек. Кітапта халықтардың шығу тегі мен ыдырауы, аман қалуы мен қазіргі заман көшіне ілесуінің түпкі себептері жан-жақты зерттелген. Халықтардың этнос ретінде бекуінің негізгі үш өзегі – халықты ұйыстыратын діні, тілі және атамекенінің ықпалын егжей-тегжейлі зерттей келе, тарихтан ойып орын алған немесе аты мәңгіге өшкен халықтардан мысал келтіреді. Небір сын сағатты бастан өткерген этностар генеалогиясына үңіле отырып, этни, этнос, ұлт ұғымына жеке-жеке тоқталады.

Энтони Д. Смиттің бұл еңбегі жоғары оқу орындары студенттеріне, зерттеушілер мен жалпы оқырман қауымға арналады.

63.5(5Каз)

С 53

Смитт, Энтони Д.

Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б.



Алғаш рет қазақ тіліне аударылып отырған Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кіріспе» деп аталатын кітабында адамзатты бұрыннан толғандырып келе жатқан және қазіргі кезде әлі де өзектілігін жоғалтпаған табиғи күй, мемлекет, демократия, еркіндік, меншік сияқты саяси сұрақтар қарастырылады. Кітапта осы сұрақтарға жауап іздеген Платон және Аристотель сияқты ежелгі грек философтары мен Гоббс, Локк, Руссо, Бентам, Юм, Милль, Ролз сияқты қазіргі заман ойшылдарының көзқарастары мен тұжырымдары талданады.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған бұл кітаптың тілі жатық әрі мазмұны қызықты. Саясат философиясының негізгі ұғымдарын танып, саяси ой кеңістігін тереңдеткісі келетін студенттер мен қарапайым оқырмандарға бұл оқулықтың берері мол.

87

У 62

Уолф, Джонатан

Саясат философиясыны кіріспе = An introduction to political philosophy : оқулық / Джонатан Уолф. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 232 б.



Бұл кітап ортағасырлық шығыс философиясының әлем, болмыс, құдай, ақыл, жауһар (субстанция), араз (акциденция) сияқты және басқа да тақырыптар төңірегінде өрбиді. Жинаққа әл-Фараби, әл-Кинди, Ибн Сина, әр-Рази, әл-Газали т.б. Ғұламалардың еңбектері, мәтіндері іріктеліп алынған. Мәтіндер көптеген салаларды қамтиды. Бұл – логика немесе пропедевтика, натурфилософия немесе физика, философиялық психология, яғни метафизика, космология теориялары т.б. Қолыңыздағы басылым аясында бұл еңбектер қазақ тіліне тұңғыш рет аударылды.

Оқулық философия, дінтану мамандығын таңдаған студенттер, оқытушылар мен зерттеушілерге және философияға қызығушылығы бар барша оқырман қауымға арналған.

87.3

М 15

МакГиннис, Джон

Классикалық араб философиясы: антология =  
Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources :  
оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; Қаз. тіл  
ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма  
бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б.





Бертран Рассел - XX ғасырдағы аса көрнекті ойшылдардың бірі, философ, математик, тарихшы және Нобель сыйлығын иеленген жазушы. Оның Еуропа ой-дүниесінің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуын зерделеген «Батыс философиясының тарихы» атты кітабы – әлемнің көптеген тілдеріне аударылған танымал еңбек. Үш кітаптан тұратын зерттеу антика дәуіріндегі рационалды ойдың қалыптасуынан бастап, Сократ, Платон, Аристотельден, Аугустин, Руссо, Кант, Шопенгауэр, Ницше, Маркс, Дьюиге дейінгі философтардың доктриналарына терең талдаулар жасайды.

Еркін пікірталас дискурсы тұрғысынан жазылған кітап гуманитарлық білім саласын зерттеуші мамандарға, философтар мен мәдениеттанушыларға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

87.3

P 21

Рассел, Бертран

Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б.



Аталмыш еңбек ХХ ғасырдағы Қытайдың көрнекті ғалымдарының бірі Фың Юләннің туындысы. Кітапта екі мыңжылдық дәстүр және модерн дәуіріне дейінгі Қытай философиясы жүйелі түрде әрі ұғынықты тілде топтастырылған. Еңбекте оқырманға таныс Конфуций, Лао-цзы, Мо-цзы, Мән-цзыдан өзге де қытай философтары және философиялық мектептер туралы сөз болады.

Қытай тарихнамасы бойынша, мықты тарихшы оқиғаны қызықты баяндауы үшін - әдеби талантты, ал қолда бар ақпараттың ауқымын бағамдай алуы үшін үлкен ғалым болуы қажет.

Кітап, ең алдымен, бакалавриатта оқитын студенттерге арналған. Оған қоса, философия ілімін танып - білуге талпынған көпшілік қауымға да өте пайдалы.

87.3(5Кит)

Ю 32

Юлән, Фың

Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б.



Routledge баспасының әйгілі «Әлемдік философия» сериясы аясында жарық көрген «Үнді философиясының тарихы» - кейінгі үш мың жыл ішінде үнді ой мектептерінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан түрлі ағымдар мен ғұлама ойшылдар жөнінде жан-жақты мәлімет беретін халықаралық зерттеу жинағы. Жинақты әзірлеуге осы саланың ең беделді ғалымдары қатысқан. Кітап 58 тараудан тұрады.

Оқулықтың әр тарауында ғалымдар «ежелгі үнді философиясының басты құндылығы - адамның ішкі әлеміне қызығушылығы, ол адамгершілікті тұлға үшін жаңа мүмкіндіктер ашады» деген тұжырым берілген.

Кітап жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға және философия пәніне қызығушылық танытатын көпшілік оқырманға арналған.

87.3

Б 52

Билимория, Пурушоттама

Үнді философиясының тарихы = History of Indian Philosophy : оқулық / Пурушоттама

Билимория ; Қаз. тіл ауд. Г.С. Жолдасбаева. -

Алматы : "Ұлттық аударма бюросы"

қоғамдық қоры, 2020. - 720 б.



Америкалық танымал ғалым Томас П. Касулистің бұл еңбегінде жапон философиясының ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихы хронологиялық ретпен баяндалған. Автор жапон философтарын, олардың еңбектері мен теорияларын әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктеріне және түсініктері мен ұғымдарына сипаттама бере отырып таныстырады. Кітапта жапон философиясына халықаралық қарым-қатынастың, тарихи оқиғалардың, елдегі ертеден-ақ негізі қаланған мектептер мен академиялардың, дін мен саясаттың тигізген ықпалы ғылыми тұрғыдан зерделеніп, дәйекті тұжырымдар жасалды.

Оқулық жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға және философия тарихына қызығушылық танытатын көпшілік қауымға арналған.

87.3(5Я)

К 21

Касулис, Томас П.

Жапон философиясының қысқаша тарихы = Engaging Japanese Philosophy: A Short History : оқулық / Томас П. Касулис ; Қаз. тіл ауд. А.К. Байдлаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 804 б.



Оқулықта дін, утилитаризм, деонтология, табиғи құқық, қайырымдылық және феминистік этика, сонымен қатар қазіргі кезде жиі талқыға түсіп, қызу пікірталастарға негіз болған эвтаназия, мораль, әділ экономика, жануарлар, соғыс пен зорлық-зомбылық және жаһандану этикасы кең талқыланады. Саланың теориясы мен практикасы ұштастырылып, тарихи және заманауи еңбектер мен дәстүрлі және қазіргі дерек көздерге негізделіп жасалған философиялық тұжырымдар кітапты қызықты ете түседі, әрі оқырманның этикалық теориялар мен қазіргі моральдық пікірталастардың негізгі аспектілерін зерделеп, өз бетінше зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді.

Оқулық этика саласы бойынша курс оқып жүрген студенттерге, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі жаһандық мәселелердің этикалық негізін танып-білуге қызыққан оқырман қауымға арналады.

87.8

М 15

Маккиннон, Б.

Этика: теориясы мен қазіргі мәселері = Ethics theory and contemporary issues : оқулық / Б. Маккиннон, Э. Фиала; Қаз. тіл ауд. А.К. Байдлаева [және т.б.]. - 9-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 868 б.



Әлеуметтік жұмыстың контексі мен теорияларын жан-жақты талдап, таразылайтын оқулық «Әлеуметтік жұмыс: контексімен практикасы» деп аталады. Бұл еңбек Австралия мен Жаңа Зеландиядағы әлеуметтік жұмыстың практика теориялары, әлеуметтік қызметкер мен клиент арасындағы байланыс түрлері, әлеуметтік жұмыс практикасында кездесетін заңдар және олардың қолданылу ерекшелігі, әлеуметтік жұмысқа бағытталған саясат, әлеуметтік қызмет көрсетуде басшылыққа алынатын философиялық-рухани қағидалар туралы баяндайды. Байырғы халықтардың мәдениеті мен өмір сапасының басты қағидаларын басшылыққа алатын әлеуметтік жұмыс практикасы құндылыққа ие екенін көрсетеді.

Кітап әлеуметтік қызметкерлерге, осы сала студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ әлеуметтік жұмысқа қатысы бар барлық сала мамандарына арналады.

60.5

К 55

Коннолли, Мэри

Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work: Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б.



Ройс Синглтон мен Брюс Стрэйтстің «Әлеуметтік зерттеу әдістері» кітабы - әлеуметтік зерттеудің ғылыми және логикалық негіздерін жан-жақты сипаттайтын оқу құралы. Негізгі тәсілдер мен ғылыми зерттеулердің логикасы арасындағы тепе-теңдікті ескере отырып, бұл кітап зерттеудің төрт тәсілі - эксперимент, сауалнама зерттеуі, далалық зерттеулер және қолда бар деректерді пайдаланудың сипаттамасын ұсынады. Эмпирикалық зерттеу мысалдарын ұсына отырып, зерттеу процесін егжей-тегжейлі баяндау студенттерге зерттеу барысын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Кітап төрт бөлімнен тұрады.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, ғалымдар мен оқытушыларға, статистика саласында білімін арттырғысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

60.5

С 39

Синглтон, Ройс А.

Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С.

Стрейтс ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. -

Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б.



Джозеф Ф. Хилидің «Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы» еңбегі алғаш рет 1984 жылы жарық көрген. Қолыңыздағы оқулық ағылшын тіліндегі төртінші басылым негізінде дайындалды. Оқулық төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлім бірнеше тарауға бөлінген. Атап айтқанда, дескриптив статистика, орталық тенденция өлшемдері, дисперсия өлшемдері, қалыпты қисық, инференциал статистика, гипотезаны сынау түрлері, ассоциацияның бивариатив өлшемдері, мультивариатив техникалар тәрізді статистиканың ауқымды бөлімдері теориялық тұрғыда жан-жақты зерделенеді. Сонымен қатар оқулықта статистика негіздері, оның әлеуметтік ғылымдарда алатын орны мен мүмкіндіктері туралы толық мағлұмат беріледі.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, ғалымдар мен оқытушыларға, статистика бойынша білімін арттырғысы келетін оқырман қауымға арналған.


60.6

X 45

Хили, Д. В.

Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы = The essentials of statistics: a tool for social research : оқулық / Д. В. Хили, Л. Бентли ; Қаз. тіл ауд. М. Маульшариф. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 576 б.





Бұл кітап демография ғылымының негізгі тұжырымдары мен мәселелерін қамти отырып, демография пәніне жан-жақты кіріспе оқулық ретінде құрастырылған. Мұнда туу, өлім-жітім, көші-қон, нәсіл, халықтың жастық және жыныстық құрамы сияқты өзекті тақырыптар кеңінен қарастырылады. АҚШ, Азия, Еуропа және Африканың түрлі елдерінен алынған мысалдар әлем халқының дамуы мен өзгеруін сипаттайды, олардың қоршаған ортаға һәм адамзат болашағына әсерін зерделейді.

Кітап әлеуметтік сипатқа ие, ол демографияның техникалық мәселелерін күрделі математиканың көмегінсіз-ақ айқын түсіндіреді.

Демография пәні бойынша қазақ тіліне аударылып отырған тұңғыш оқулық әлеуметтанушы мамандар мен студенттерге, магистранттарға ғана емес, аталмыш білім саласына қызығатын көпшілікке арналған.

60.7

П 57

Постон, Дадли

Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе =  
Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли

Постон, Леон Ф. Бувье; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы"

қоғамдық қоры, 2020. - 488 б.



Бұл кітапта мұғалімдердің кәсіби білігін көтеру, соның ішінде мектепте практикалық даярлықтан өту және үздіксіз кәсіби даму әдістері баяндалады. Мұғалімнің сабақ беруі, оқушылармен қарым-қатынасы және олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын зерттеуі, сондай-ақ оқу барысын бағалау процестері жөніндегі жан-жақты нұсқаулық. Рефлексивті оқыту әдістері бастауыш мектеп пен негізгі мектепке мұғалімдер даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл басылымдағы қосымша материал ретінде берілген нұсқаулықтар мен веб-сайттарда тәжіри- белі мұғалімдердің көп жылғы тәжірибесі ескерілген. Оқулық педагогика, психология мамандықтары бойынша білім алып жүрген студенттерге, магистранттарға және осы бағыттағы зерттеушілер мен сала мамандарына арналған.

74.00

П 45

Поллард, Эндрю

Рефлексивті оқыту негіздері = Reflective Teaching in Schools : оқулық / Эндрю Поллард ; Қаз. тіл ауд. О. Кенжебаев. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 728 б.



Соңғы жылдары білім беру ісін зерттеу жеке пән саласы ретінде қарқынды дамып келеді. Ұсынылып отырған еңбекте студенттерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында терең зерттеуді қажет ететін бірқатар жеке оқыту салалары жөнінде кеңінен баяндалған. Авторлар білім берудің түрлі аспектілері мен оған қатысы бар әлеуметтік және саяси құрылымдарды, ұлттық оқу бағдарламаларының жасақталуына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерді, экономикалық қысымдар мен саяси факторларды талдайды. Білім берудегі соңғы жетістіктерге тоқтала отырып, адамның мінез-құлқы, мотивация, жетістік және өзін-өзі бағалау жөніндегі білімін арттыруға көмектесетін оқыту стильдері, стратегиялары, тәсілдемелері талқыланады.

Оқулық педагогика, психология мамандықтары бойынша білім алып жүрген студенттерге, магистранттарға және осы салаға қызығатын барша зерттеушілер мен практик - мамандарға арналған.

74.00я73

Б 25

Бартлетт, Стив

Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе = Introduction to education studies : оқулық / Стив Бартлетт, Диана Бертон ; Қаз. тіл ауд. Б. М. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 472 б.



Он үш тілге аударылып, тоқсанға тарта елге таралған «Көшбасшылық: теория және практика» оқулығы көшбасшылық теорияларын кәсіби және ғылыми тұрғыдан терең талдап, оларды нақты ситуацияларда қалай қолдануға болатынын зерделейді. Автор әр тарауда ұтымды құрылымдау арқылы оқырманның түрлі теорияларды оңай салыстырып, меңгеруіне жол ашады. Тым кейс-стадилер мен сауалнамалар көшбасшылық әдістері жайында түсінік қалыптастырып, жеке басшылық стилін анықтауға көмектеседі.

Бұл кітап әлеуметтік ғылымдар мен бизнес, басқару бағытында білім алып жатқан студенттерге ғана емес, жалпы оқырманға пайдалы іскерлік әдебиет санатында.

88.1


Н 76

Нортхауз, Питер

Көшбасшылық: теория және практика = Social Work: Contexts and Practice : оқулық / Питер

Нортхауз ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. -

Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б.



Гарман Е.Томас пен Форг Е.Рэймондтың «Жеке қаражат» оқулығы - экономикада қаржы, несие, бағалы қағаздар, инвестициялау, сақтандыру, салық жүйесі, менеджмент тақырыптарын топтастырып жүйелеу арқылы жеке қаражатты өз алдына дербес білім курсына бөліп шығарған түбегейлі еңбек.

Ақшаны тиімді жұмсаудың амалдары сипатталып, жүйеленген бұл оқулық үнемдеу мен инвестициялауға, несиені басқаруға, салықты жоспарлауға, кредит картасы бойынша борышыңызды азайтуға септігін тигізіп, қаржылай тұрақты болашағыңызды қалыптастыруға көмектеседі.

Кітап экономика, қаржы, менеджмент, маркетинг, есеп және аудит мамандықтарында оқитын студенттерге, оқытушыларға және қаржысын тиімді басқаруға ниетті барлық оқырманға арналған.

65.261

Г 20

Гарман, Е. Томас

Жеке қаражат = Personal finance : оқулық / Е. Томас

Гарман, Р. Рэймонд Форг ; Қаз. тіл ауд. Р. Исаева. - 13-ші

бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры,

2020. - 632 б.



Келіссөз теориясы мен тәжірибесіне тың көзқарас ұсынатын бұл кітап келіссөздің негізгі элементтері - өзара түсіністік, сенім, үстемдік ету және этиканы жан-жақты талдайды. Сонымен қатар келіссөздегі ақпарат алмасу, шешім іздеу және шегінудің әдіс-тәсілдерін сипаттайды. Медиация процесі, мүдделі топтың атынан келіссөз жүргізу, мәдениетаралық келіссөздер, жұмыс орны мен бизнестегі келіссөздер де кеңінен қамтылған.

Кітаптың жаңа басылымында келіссөз процесін тиімді жүргізу және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу жолдары талданады.


Бұл кітап - бизнес, құқық, адам ресурстары менеджменті, еңбек қатынастары салаларының студенттері мен кәсіби мамандарына арналған маңызды оқу құралы.

65.242

Ф 37

Феллс, Рей

Нәтижелі келіссөз: алғышарттар мен амалдар = Effective Negotiation : оқулық / Рей Феллс ; Қаз. тіл ауд. Қ. Ахметова. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 360 б.



Бұл еңбек тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті саласын, оған қатысты теориялар мен тұжырымдарды жүйелейді. Кітап тұтынушыларға құндылық жеткізу үшін олармен қарым-қатынас орнатуды негізгі бизнес – стратегия ретінде қарастырып, тұтынушымен қарым - қатынас менеджменті ұғымы, оның артықшылықтары, қолданылатын жағдайлары, технологиялары мен стратегияларын түсіндіреді. Сонымен бірге тұтынушыға қол жеткізу, оны ұстап қалу және өзара қарым - қатынасты дамыту кезеңдері жан-жақты қамтылып, тұтынушыға қатысты деректер жинау, оны қолдану және бұл процестерде маркетинг, сату, ақпараттық технологиялар,, бухгалтерлік есеп және нақты мысалдармен толықтырылған.

Оқулық экономика, менеджмент, маркетинг, қаржы мамандықтарында оқитын студенттерге, оқытушыларға, осы тақырыпқа қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.


65.050

Б 27

Батл, Френсис

Тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті: ұғымдар мен технологиялар = Customer Relationship Management.

Concepts and technologies : оқулық / Френсис Батл, Стэн Маклан. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 444 б.



Шағын бизнес - дүниежүзілік экономиканың басты тірегі. Әлемдегі қаражаттың көбі алпауыт компанияларда емес, үй жанындағы шағын дүкендерде, гүл сататын дүңгіршектерде, кішкентай кофеханалар мен тігін шеберханаларында айналып жатыр. Әр адам ұдайы көлігінің майын ауыстырып, оны жуғызады, сансыз рет жақындарына гүл сыйлайды, таңғы шайға тәтті тоқаш сатып алады, көйлегінің етегін қысқартып, үйін жөндетеді. Осының бәрін шағын бизнес субъектілері атқарады.

Бұл еңбек адам бойындағы кәсіпкерлік «өзекті» тани білуден бастап, кәсіпорынды құру, өсіру, дамыту, тіпті мұраға қалдыру сынды кезеңдердің бәрін мысалдармен, кейстермен толықтыра отырып егжей-тегжейлі сипаттайды. Оқулық экономика, менеджмент, кәсіпкерлік бағытында білім алып жатқан студенттерге және кәсіпкерлік табиғаты туралы тереңірек білгісі келетін көпшілік оқырманға арналады.

65.050.2

Ш 16

Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту = Small Business Management: Launching & Growing Entrepreneurial Ventures : оқулық / Г. Лонгенекер ; Қаз. тіл ауд. А. Қуанышбекова. - 18-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 704 б.



Назарларыңызға рахмет ! ! !

Қызмет көрсету бөлімі : Серикбаева Г. Р .